құқықтарын және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарын түсіндіру бойынша бейнероликтер көрсетті. МАД тәрбиешілері Жумабекова М.Б; Махмут М; Абенова Б; «Өз құқығыңды білесің бе?, бастауыш класс мұғалімдері Еспенбетова Ғ.Л. Султанова А; «Құқықтық турнир», Абшукирова Қ.Ж. Қабдылдина А.Ж. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»,Кусегенова Р.У. «Қоғамдағы буллинг мәселелері» тәрбие сағаты, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренингі, «Әр баланың құқығы бар» сурет, эссе байқауы, Мектеп парламенті «Балалар мүддесі үшін»–Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 33 жылы ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жетістіктері дебат, 7-9 сынып жетекшілері «Мен өз құқығымды білуге тиіспін» сахналық қойылымдар және «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы - бақытты ел» 7-сынып ата-аналарының жиналысы өткізілді.

6 а класының ұйымдастыруымен, класс жетекшісі –Алмағамбет А.О. оқушылар арасындағы буллингтің алдын-алу мақсатында «Буллингке жол жоқ!» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында педагогтер мен білім алушыларға сұрақтар қойылып, пікірлері тыңдалды. «Буллинг» сөзі – мазалау, қудалау, қорлау дегенді білдіреді.Кез-келген зорлық-зомбылықтан балалардың құқықтары заңмен қорғалатыны туралы мәліметтер берілді.Сұраққа жауап берген катысушыларға тәттілер таратылды. 26 сәуір күн өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, туған жерінің бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, адалдық, құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері мен кибербуллинг жайында түсіндіру үшін

8-11 класс ер балалары арасында "Ұл тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" «Құқықбұзушылық және жасөспірім» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп директоры Издина С.М. қамқоршылық кеңесінің төрайымы Тулясова Г.Е. «Қамқор» әкелер клубының төрағасы Рампейлов С.А. ПБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция аға лейтенанты Енсепбаев Ж.М. Әйтеке би ауданы ПБ КПТ аға жедел уәкілі полиция майоры М.С.Мукангалиев қатысты.

«Сенім кілті-адалдық» тақырыбында 6 ә класында өнегелі сағат өткізілді. 7 ә класс оқушыларының ұйымдастыруымен «Алаяқтыққа қарсы күрес» тақырыбында телефон алаяқтарының құпиясын қалай жария етуге болатыны, алдаудың үш белгісі туралы брошюралар таратты.

Мектеп психологтарының ұйымдастыруымен «Менің сыныбым буллингке қарсы!» тақырыбында челлендж өткізілді.

2024 жылдың 16 наурыз күні Әйтеке би аудандық ауруханадан 3-ші жалпы тәжірибелік дәрігер Шортанбаева Несібелі Атентаевна және мейірбике Айдаралина Қарлығаш Жолбасыновна 9 а,ә кластары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды, жат қылықтардан аулақ болу, салауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында дәріс өткізді. Оқушыларға есірткі,психотропты заттар, алкогольді сусындарды тұтынудың адам ағзасына қаншалықты зиян екенін түсіндірді. Бұл кездесу келешекте оқушыларымызға дұрыс таңдау жасауға мүмкіндік береді деген сенімдеміз. **«Назар аударыңыз-балалар!»** жедел профилактикалық іс-шарасы аясында мектебімізге патрульдік полиция бөлімі полиция қызметкерлері келіп бастауыш класс оқушыларына жол қауіпсіздігі, жолда жүру ережесіне байланысты өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау керектігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушылар жолда жүру ережесімен танысып,полиция қызметкерлерінің кеңестерін тыңдады.

10-сынып жетекшілері Жаупова Н.А. К.Т.Репамбетованың ұйымдастыруымен оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, буллинг және кибербуллингтің алдын алу,ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында мектепішілік апталықтың жоспарына сәйкес **«Құқықтық сана – қауымға пана»**тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.Дөңгелек үстел барысында 10-сынып жетекшісі Конысбаева Балжан құқық, құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг туралы мәлімет берді және оқушылардың пікірлері тыңдалды. **«Буллинг» және «Кибербуллинг»** сөзіне оқушылар постер жасап, өз ойларын айқын жеткізе білді. Ж. Аймауытов: "Тәрбиеге әсер беретін

нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғырып, адам неше түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі" дегендей, баланың қылмыстық жолға түспеуіне бірінші жауапты отбасы. Сондықтан Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жасөспірімдер арасындағы тәртіпті күшейтіп, олар үшін мәдени шараларды кең деңгейде өткізу олардың болашағына жағдай жасауды қолға алып отыр. 9 а сынып жетекшісі Нұрқалық З.Қ. **«Тығырықтан шығар жол қайсы?»** яғни оқушыларға тақырыпқа байланысты ситуациялық жағдайлар беріліп , оқушылар дұрыс ситуациялық жағдайдан шықты.

«Жасөспірімдердің арасындағы қолсұғылмаушылықтың алдын алу», «Ерте жүктіліктің әсері», «Зиянды әдеттердің алдын-алу», **«Темекі шегуге түрткі болатын жағдайлар»** тақырыптарында профилактикалық, салауатты өмір салтын қалыптастыру саласының мамандарымен бірлесе отырып, кеңес беру жұмыстарының тұрақты жүргізіліп, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары үнемі ұйымдастырылып отырады.

Ақтөбе облысының білім басқармасы №2/4221 хаты, Әйтеке би ауданы 21.09.2023. №05-20/1596 хаты бойынша мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайтып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті арттыру мақсатында оқу жылының 1 қазанынан бастап ата-аналардың кезекшілігі ұйымдастырылып келеді.Әр сыныпта **«Баларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне ден қою алгоритмі»** бойынша ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 04.01.2024. жылғы № 21-1-21-4/80-И хаты негізінде, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысымен бекітілген Балаларды зорлық- зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары негізінде **«Қауіпсіздік ережелері»**жалпыға қолжетімді жерлерге плакаттар ілінді.
Мектеп психологтары және сынып жетекшілермен бірлесе отырып, жаман әдеттерден **«Темекі шегу, ішімдік ішу»** денсаулыққа зиянды заттардан сақтандыру шаралары жүргізіліп, бейнеролик көрсетіліп, пікірталас өткізілді.

Педагог-психологтың жұмысы

**1.Педагог-психолог туралы мәлімет (білімі, жұмыс өтілі, категориясы, біліктілік курстан өтуі)**

**1. Педагог- психолог туралы мәлімет**

( білімі, жұмыс өтілі, категориясы, біліктілік курстан өтуі )

| Аты-жөні | Диплом бойынша мамандығы | Бітірген оқу орны | Еңбек өтілі | | Санаты | | Аттестациядан өткен уақыты | Курстан өткен жылы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Базалық курс | |
| | | | Педагогикалық | Педагог-психолог | Ескі формат | Жаңа формат | | Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты | «Өркен» балалардың ал-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты |
| Абишова Рада Сабитовна | педагог-психолог | Қ.Жұбанов атындағы универ | 15 | 7 | 0 | 0 | 0 | 15.09.2023 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қалмолдақызы Күнсұлу | Педагог-психолог | Баишев универ | 2 | 2 | 0 | 0 | 0 | | 31.05.2024 |

**2.Педагог-психологтың оқу жылына арналған жұмыс жоспарының орындалуы.**

М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде тамыз айында 5 бағыт бойынша психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Оқу басталуы кезі оқушыларға психологиялық және физикалық жағдайларында өте күрделі және жауапкершілікті уақыт.Бейімделу балаларда жылдам болмайды. Бұл ұзаққа созылатын процесс, барлық ағзаның жүйелерін шиелінетін жағдай. Осы жағдай бірінші бесінші сыныптардың оқушыларында білінеді, себебі өзгерген жасау жабдық және оқу жағдайлары, интеллектеріне, тұлғаның дамуына және білім, оқу әрекеттеріне, әдеттерінің т.б дәрежелерінің қалыптасуына жоғарға талаптандырады. Жоспар бойынша қыркүйек айында 1 класс оқушыларының мектепке бейімделуін, балалардың логикалық ойлауын, танымдық қабілеттерін, тіл байлығын, интеллект деңгейін анықтау мақсатында Керн Йрасик оқушылардың мектеби жетілуін анықтауға арналған жобалау тесті жүргізілді.

Нәтижесі:

Нәтижесінде 1-сыныптар бойынша жоғары деңгей – 77%-ды, орта деңгей - 20%-ды, ал төмен деңгей - 3%-ды көрсетті. Биылғы оқу жылындағы келген балалардың жалпы мектепке дайындық деңгейі бірқалыпты.

Алынған нәтижеге байланысты мұғалімдер мен ата-аналарға мынадай ұсыныстар берілді:

*Ұсыныстар:*

Сынып жетекшілеріне:

- Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға байланысты жұмыстар жүргізу.
- Қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырып, дамыту мақсатында суреттер арқылы әңгіме жүргізу.

Ата-аналарға:

- Баланың мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық жағынан дұрыс қолдау көрсету.

Үйде балалалардың қол моторикасын дамытуға көңіл бөліп, зейінді бағытты ұстауына көмектесу.

*Қорытынды:* Оқушылардың оқуға деген мотивациясын, мектеп өміріне бейімделуін бақылау барысында анықталғаны мұғалімдер оқыту процесінде әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасайды. Әр баламен жеке қарым-қатынас жасауға тырысады. Сондай-ақ, бірқатар мұғалімдер балалардың сыныпта еркін отыруына ықпал туғызады. Жалпы психологиялық қызметтің бақылауы бойынша, 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуі бірқалыпты деңгейде жүріп жатыр.

Ұсыныс:

- Ойын арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен белсенділігін ояту.
- Оқушылардың мектепішілік тәртіп нормаларын ұстануын қадағалау.
- Гиперактивті балаларға қосымша тапсырма беру.

5 класс оқушыларының орта буынға бейімделуін, оқу мотивациясын анықтау мақсатында Л.П.Пономаренко тесті және Н.Г.Лусканов сауалнамасы алынып, қорытындысы бойынша өте төменгі буынға бейімделген оқушылар анықталған жоқ. 5-

сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнама нәтижесінде оқушылардың мектепке деген мотивация деңгейі анықталды. Мотивация деңгейі өте жоғары оқушылар 17%-ды, мотивациясы жоғары оқушылар 40%-ды, мотивация деңгейі орта оқушылар 30%-ды, мотивациясы төмен оқушылар 11%-ды және мотивация деңгейі өте төмен оқушылар 2%-ды көрсетті.

Ұсыныстар:

- Пән мұғалімдері жоғарыда аталған оқушыларды ескерген түрде балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақ әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.
- Сынып жетекшілері балалардың мектепке деген қызығушылығын ояту мақсатында сынып сағаттарының өткізілуін жандандырып отыру.

Оқушылардың оқуға, жаңа пәндерге, пән мұғалімдеріне деген көзқарасын және қызығушылықтарын анықтау мақсатында 8 сұрақтан тұратын *«Оқуға қарым-қатынас»* сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың оқуға деген қарым –қатынасы бірқалыпты. Кейбір оқуға қатысты кездесетін қиыншылықтарға пән мұғалімдеріне ұсыныстар, кеңестер берілді.

Ұсыныстар:

- Оқушылардың даму деңгейі, қабылдауы әр түрлі болғандықтан олардың мүмкіндіктерін ескере отырып талап қою.
- Оқушылардың пәндерге деген қызығушылықтарының төмендеуіне байланысты, жаңа әрі қызықты технологияларды пайдалану.
- Оқушылармен ынтымақтастыққа құрылған қарым-қатынас орнатуға тырысу.

Қорытындылай келе, оқушылардың оқу процесіне белсене қатысып, оған деген қызығушылықтарының арта түскенін, өз-өзіне деген сенімділік қасиеттерін байқай аламыз. Мұғалімдер тарапынан берліген оқу ақпараттарын оңай қабылдап, сынып ұжымында өздерін еркін ұстай алу қабілеттерін атап өткен жөн. Яғни, оқушылардың орта буынға бейімделуі жоғарғы деңгейде деп есептеуге болады.

1-11 сынып оқушыларынан Дж.Морено «Социометрия» әдісі арқылы балалардың ұжымдағы қарым-қатынасы анықталды. Социометрия сауалнамасының көрстекіштерін социоматрицаға еңгізгенде, барлық балалардың қарым - қатынасы анықталып, оның ішінде кім лидер кім «шетте» қалғаны білінді. Осы социоматрицаны сынып жетекшісі өз сабақтарында, топтық және т.б жұмыстарын ұйымдастырғанда, қолдану қажет деп кеңес берілді. Қазан айының бірінші аптасында 4-5 класс оқушыларымен «із кесуші» психологиялық акциясы жүргізілді. **Акцияның мақсаты** - қатысушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарты жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту. Бұл психологиялық «Із кесуші» акция балалардың сүйікті ойынына айналуының басты себебі дербес әрекет етуіне мүмкіндік береді. Тапсырмаға берілген уақыт аяқталғаннан кейін,оқушылардың бланкадағы жауаптары тексеріліп, дұрыс жауаптармен сәйкестендірілді. Жиналған ұпай сандары есептеліп, жеңімпаздар анықталды.Оқушылар акцияға белсене қатысып,өздерінің алған әсерлерімен ,эмоцияларымен бөлісті. Акцияға барлығы 5 класс оқушыларынан – 72 оқушы қатысты. Бұл психологиялық «Із кесуші» акция балалардың сүйікті ойынына айналуының басты себебі дербес әрекет етуіне мүмкіндік береді. 9 «а,ә,б» кластар арасында **«Армандар картасы»** акциясы жүргізілді. Оны құрудағы басты мақсат оқушылардың қиялындағы барлық арман-тілектерін қағазға түсіру арқылы мақсат қоюға,мамандық таңдауға,ойды сол мақсатқа шоғырландыруға үйретеді. Ниеттенуге содан соң әрекет жасауға итермелейді. Оқушылар қызыға қатысып , өз ойларымен бөлісіп ,жағымды эмоциялар қалыптастырды.

Қазан айында 8-11 класс оқушыларынан «DASS» (Стресс, дипрессия, қорқыныш, мазасыздық ) 8-11 класс, оқушылардың бойында депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифферициалды диагностикалау мақсатында 6 - 7 класс оқушыларымен «Зунге» сауалнамасы алынды. Диагностика қорытындысы бойынша шектік балдан асқан оқушылар анықталған жоқ.

Жоспар бойынша Сакс және Левидің «Аяқталмаған сөйлемдер», «Мен» бейнесі, «Сенім менің серігім», «Мен қандаймын?» тақарыбында психопрофилактикалық жұмыстар жүргізілді. Оқушымен жартылай сұхбат, ата-анаға, класс жетекшіге кеңестер беріліп, жартылай сұхбат жүргізілді. Жаңадан келген жас мамандардың ұжымға бейімделуі барысында кездесетін проблемалар, кедергілерді жеңуге арналған сауалнама жүргізіліп, «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман »атты тақырыпта тренинг сабақ , «Тимбилдинг» ойындары өткізілді. Ұжым арасында «Біз біргеміз» тақырыбында психологиялық тренингтер өткізілді. Мақсаты:педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір- біріне сенім арту,бірлесіп жұмыс жасауға баулу, жағымды эмоциялар қалыптастыру. Қараша айында 8 «а,ә,б» класс оқушыларының арасында « Құпия дос » психологиялық акциясы жүргізілді.Мақсаты: Өзара қарым-қатынас қабілеттерін дамыту. Ұйымдастырылған "Құпия дос" акциясы аясында оқушылар өз туынды-сыйлықтарын құпия түрде достарына ұсынып, өзара достық қарым-қатынасты жетілдіріп, көңіл-күйдің жоғары болуына ат салысып үлкен белсенділікпен , қызығушылықпен қатысты.

Желтоқсан айында 9, 11-сынып оқушыларына болашақ мамандық таңдауда көмектесу мақсатында олардың қызығушылықтары мен қабілетін анықтай отырып тиімді кеңестер беру үшін «Голланд» әдістемесі» диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Диагностика қорытындысы бойынша оқушыларға мамандық туралы кеңестер беріліп, видеороликтер көрсетіліп, тренингтер жүргізілді. «Ұялшақтықтан қалай арылуға болады?», «Эмоциалық өрісті реттеу» видеороликтері 5-7 класс чаттарына жіберілді. «Отбасындағы әлеуметтік – психологиялық атмосмфераны реттеу және нығайту жолдары» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарға кеңестер берілді. «Кибербуллинг дегеніміз не?», «Буллинг», «Сіздің балаңыз мектепке қандай көңіл-күймен келеді?», «Жыныстық жетілу кезінде болатын психологиялық өзгерістер», «Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері», «Құқық бұзушылық қайдан шығады?» тақырыбында кеңестер беріліп,видеороликтер көрсетіліп, тренингтер жүргізілді. Сауалнамалар алынды. Психопрофилактикалық жұмыстар жоспар бойынша жүргізілді. Атап айтсақ, «Құм терапиясы», «Флештренинг», «Аутотренингтер», «Арттерапия», «Мандала терапиясы», 5-8 кластарға «Ұйқыдағы қала» ойыны жүргізілді. 1-4 класс оқушылары аралығында Т.В. Артемьеваның қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған «Тыңда және орында», «Бұзылған телефон» түзету - дамыту жаттығулары жүргізілді.

Ақпан айында оқушылардың эмоционалды жай –күйін анықтау мақсатында Панфилованың «Кактус» әдістемесі 4а,ә,б,в класс оқушыларына жүргізілді. Диагностика нәтижесі бойынша шекті балдан асқан оқушылар анықталған жоқ. Коррекциялық – дамытушылық бағыты бойынша 4а,ә,б,в класс оқушыларымен Т.В.Артемьеваның «Жасырынып тұрған сөздерді тап», «Аспан-жер-су» ойыны жүргізілді. Прфилактикалық бағыт бойынша 11а,ә класс оқушыларымен аутотренинг «Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық дайындау», «Интернетке тәуелділіктен қалай арылуға болады?» тақырыптарында тренинг сабақтар жүргізілді. Наурыз айында 9-11 класс оқушыларынан ЛИЧКО тесті алынды. Диагностика қорытындысы бойынша шекті мән көрсеткен оқушылар болған жоқ. 9-11 кластарға «Кинезиологиялық жаттығулар» жүргізілді. Сәуір айында диагностикалық бағыт бойынша 4 класс оқушыларымен біліктілікті зерттеу мақсатында Э.Ф.Замбацавичененің әдістемесі, Т.В.Артемьеваның білім алушылардың эмоционалды жағдайын бақылауға арналған «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?», «Айна», «Қағаздан жасалған қар» жаттығулары жүргізілді.

| | |
|---|---|
| | 2023-2024 оқу жылында келеңсіз оқиғалардың алдын алу және болдырмау, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспары құрылып,бекітілді. Бала құқықтарын қорғауға арналған мектепішілік «Сенім жәшігі», «Сенім телефондары» (Республикалық,облыстық,аудандық) туралы оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп,мектептің әлеуметік желісіне жарияланды. Сенім жәшігі апта сайын құрылған комиссия мүшелерімен бірігіп қаралып, хаттамаланады. Қазан айларында 5-7 класс оқушылар арасында мектеп оқушыларына «Буллинг,кибербуллинг дегенді білесіздер ме?» одан қалай қорғанамыз? тақырыбында видеороликтер көрсетіліп,түсіндірме жұмыстары жүргізілді.<br>1-11 сыныптар арасында «Қауіпсіз интернет» іс-шарасы бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ағымдағы жылдың қараша айында тәрбие орынбасарларымен біріккен **«Зорлық –зомбылыққа қарсы 16 күн»** тақырыбында іс-шаралар жоспары құрылып, оқушылар мен ата-аналарға зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында кеңінен жұмыстар жүргізілді. 17 қараша күні М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, 9-10-11 кластарының ер балалары мен олардың әкелерімен бірлескен жиналыс өткізілді. Мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес 20 қараша дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай жоспарланған «Бала құқығы-адам құқығы» атты апталық аясында 14 қараша күні 5,6,7 класс оқушыларымен «Бақытты балалаық шақ !» тақырыбында кәмлетке толмағандар ісі –жөніндегі жасөспірімдер инспекторы Жеңіс Маратұлымен кездесу өтті. Түзету –дамыту жұмыстары негізінде «Сенім менің серігім» тақырыбында 2-6 класс оқушылары арасында тренингтер жүргізілді. Желтоқсан айларында «Зорлық –зомбылық туралы мен не ойлаймын» тақырыбында 6,7,8 класс оқушыларынан сауалнама алынды. «Буллинг туралы білесіңбе?» тақырыбында 6-11 класс оқушыларынан психологиялық сауалнама алынып,қорытындысы шығарылды. 11 қаңтар күні тәрбие орынбасарларымен біріккен, **"Ұл ұлағаты - әкеден"** тақырыбында (ер бала тәрбиесі, тәртіп, құқықбұзушылық туралы) жиналыс өткізілді. Әйтеке би ауданы Полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Сулейменов Ербол Бақиұлы мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция аға лейтенанты Еңсепбаев Жеңіс Маратұлының қатысуымен 9-11 класс **оқушыларына «Қылмыстық құқық бұзушылық және құқық бұзушылықтың алдын алу»** тақырыбында жиналыс өткізіп, жастардың құқықтық мәдениетін арттыру және қоғамда этика мен мәдени іс-әрекет ережелерін сақтау дағдылары, құқықбұзушылықтың алдын алу, есірткі, нашақорлық, электрондық темекінің (вейп) зияны,кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің кафе-ресторандарда қызмет көрсетуі, түнгі уақытта жүрмеуі, кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер алкоголь және табак өнімдерін сатып алуы тағы басқа туралы маңызды мәселелерге тоқталып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Профилактикалық жұмыс негізінде «Мектептегі әлемжеттік » және «Біз неге ашуланамыз?» тақырыбында 7-10 класс оқушылар арасында видеороликтер көрсетіліп,түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Келеңсіз оқиғалардың алдын алу бойынша «Өмір неткен керемет!» тақырыбында 1-5 класс оқушыларымен тренингтер өткізілді. Сәуір айында «Буллинг» және «Бопсалау» тақырыбында әлемжеттік көрсету фактілерін анықтау мақсатында 7,8,9 сыныптарына арналған анонимді сауалнама алынып, қорытындысы шығарылып, мониторингі жасалды. Жыл бойы жоспарға сәйкес құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылар арасында психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілуде.<br>Мектебімізде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша 2023-2024 оқу жылында ЕББҚ – 15 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындысына қарай жеке жұмыс жоспарлары құрылып ,атқарылған жұмыстар жеке папкаларына жинақталды. |
| Әлеуметтік педагогтің жұмысы | **1.Әлеуметтік педагог туралы мәлімет (білімі, жұмыс өтілі, категориясы, біліктілік курстан өтуі)**<br><br>**1. Әлеуметтік- педагог туралы мәлімет** |

( білімі, жұмыс өтілі, категориясы, біліктілік курстан өтуі )

| | | | Жалпы,еңбек өтілі | Санаты | | Курстан өткен жылы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Базалық курс | |
| Аты-жөні | Диплом бойынша мамандығы | Бітірген оқу орны | Әлеуметтік педагог | | Аттестациядан өткен уақыты | Педагогикалық шеберлік орталығы | |
| Мұханбетова Гулшат Уланқызы | Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану | Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті | 3 | Педагог-модератор | 31.08.2023 | 03.03.2023 | |

**2.Әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарының орындалуы**

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.
Мектепте 34 класс комплектісі және МАД сыныбымен 38 класс бар. Әр сыныптың жетекшілері, сыныбының келген, кеткен бала санын анықтап, әлеуметтік паспорттарын жинақтап тапсырды. Оның ішінде: атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылар, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, және өзге де санаттағы білім алушылар анықталды.

Тамыз айында Ақтөбе облысы білім басқармасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен 2023 жылдың 1 тамызынан бастап аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.
Оқушылардан қажетті құжаттар жинақталып, мектептің «Қамқоршылық кеңесіне» салынып, талқыланды. **"Мектепке жол"** акциясына ауыл тұрғындары мен кәсіпкерлер тартылды. Жоспар бойынша акцияға қатысу туралы кәсіпкерлерді , ауыл азаматтарын ұстаздарды демеушілікке шақырып, өтініштер жолданды. Жоспар бойынша акцияға қатысу туралы кәсіпкерлерді, ауыл азаматтарын, демеушілікке шақырып, мектептің INSTAGRAM желісіне жариялап, өтініштер жолданды.
Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған 10 отбасы 10 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді.«Мектепке жол акциясы» шеңберінде тамыз айында 10 балаға оқу құралдары,аяқ киім,куртка сатып алынып, таратылды.
Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл 1 қыркүйектен бастап аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар

| | |
|---|---|
| | және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақтандырумен қамту жоспарланған.<br>**Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.**<br>Ыстық тамақпен бастауыш сыныптар мен арнайы әлеуметтік деңгейіне қарай- 406 оқушы тегін тамақпен қамтылып отыр.<br>Тамақтану блок түрі- асхана<br>Отыратын орындар саны 80 орын<br>Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар,мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.<br>-Бастауыш сыныптар арасында жалпылама 301 оқушы;<br>- Арнайы санаттағы (көпбалалы-53 толық емес отбасы-15;<br>-Аз қамтылған-18,қамқорлықта-2 денсаулығына байланысты-2,әлеуметтік жағдайына байланысты-8 арнайы әлеуметтік көмек алатын -7)<br>-5-8 сынып арасындағы (санаттағы) – 105 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.<br>Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды (жетім, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған, АӘК алатын, сәтсіз отбасынан шыққан, қиын жағдайдағы оқушылар) оқулықпен қамтамасыз етілді.<br>Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картотекасы жасалынды.<br>Жетім және ата - ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау, тізімін бекітіліп және журналға тіркелініп отыр.<br>Оқушылар саны-753. Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша:<br>-Толық емес отбасылар саны – 23, толық емес отбасынан шыққан балалар саны-34;<br>-Аз қамтылған отбасы саны- 4, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушы саны- 8<br>-Көпбалалы отбасы саны-142 отбасындағы балалар саны -367<br>-Ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны -2<br>-Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы саны-3,атаулы көмек алатын отбасы балалар саны- 12<br>-Сәтсіз отбасы саны -31, сәтсіз отбасы балалар саны -46.<br>-Өгей әкемен тұратын отбасы саны-7,өгей әкемен тұратын отбасы балалар саны-13 Инклюзивті білім алатын оқушылар саны-15 Үйден оқитын оқушылар саны-2 Жетім және ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жеке іс - қағаздарын реттеп, оқушылардың жеке қызығушылығын бақылау, есепке алу журналы жүргізілді.<br>Қолайсыз отбасыларды анықтау, баланы негативті құбылыстардан алшақтату, оқушылардың ата-аналарымен құқықтық жауапкершілікті және кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу тақырыптарында мектепте іс шаралар жүргізілуде.<br>Мектебімізде қолайсыз отбасылар саны -3-еу. Мектеп директорының ісі жөніндегі орынбасары,мектеп психологы, инспектормен бірлесе қолайсыз отбасылардың үйін аралап, толық зерттеу жүргізілді.<br>Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен, мектеп инспекторымен үнемі рейдтер жүргізіліп отырады.<br>Мектебімізде «Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларынан эссе алынып, «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында 7-11 сыныптардан сауалнама алынды. Психологтардың ұйымдастыруымен «Өмір құндылығы» тақырыбында 10-11 сыныптарға психологиялық тренинг өткізілді. Жалпы ата-аналар жиналысы сынып сағаттары, мәдени іс- |

шаралар ұйымдастырылып отырды.

Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық- педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын іске асыру мақсатында «Мен тұлғамын» 5-7 сыныптарда дөңгелек үстел өткізілді. Биылғы су апатының салдарынан , төтенше жағдай орын алған кезде,үйлерін су басқан отбасыларының балаларына қалалық жерлердің демалыс орындарына саяхаттау және қала сыртындағы лагерьлерге демалуы толық қамтамасыз етілді.

Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын(ерекше білім беруді қажет ететін) оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстары жүргізіліп отырады.

**2. Мектептің әлеуметтік паспортын «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде жүргізілуі Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) — білім беру саласы бойынша алғашқы статистикалық деректер жинау және өңдеу жөніндегі бизнес-үдерістерді автоматтандыруға арналған, ЭОЖ кіші жүйесі.**

| р\с | Мектеп атауы | Оқушы саны | Аз қамтылған оқушы саны | Көпбалалы отбасының оқушы саны | Қамқорлығынсыз қалған оқушы саны | Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы саны | Сәтсіз отбасы оқушы саны | Ерекше білімді қажет ететін оқушы саны | Үйден оқитын оқушы саны | Өгей әкемен тұратын оқушы саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ | 753 | 8 | 367 | 2 | 12 | 46 | 15 | 2 | 13 |

Ата-аналармен қарым-қатынас

**2. Білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу.**

Мұғалім үшін ата-аналармен байланыс орнатудың негізгі құралы, дәлірек айтсақ, оның педагогикалық имиджі, оның ішінде кәсіби білім, оларды жеткізе білу және балаларға деген сүйіспеншілік. Ережелерді басшылыққа алып, ата-аналардың жеке мүдделерін, отбасымен қарым-қатынас және қарым-қатынас орнату жолдары, отбасы мүшелері және отбасының әлеуметтік материалдық жағдайлары мен мектеп ісіне деген қызығушылықтары туралы толық мәліметті жинақтау. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған (15.08.2023 жылғы № 4 хаттама) білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі нұсқаулығы , ата-аналарға арналған сабақтардың әдістемелік тәсілдері мен мазмұны сипатталған, отбасы мен мектептің әлеуметтік әріптестігін дамытуға бағытталған практикалық материалдары берілген.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

| | |
|---|---|
| | Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.<br>Педагогтарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында осы нұсқаулықта **ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру сабақтарын әзірлеу ұсынылған**. Сабақтар олардың мазмұнын терең шығармашылық түсінуді, мұғалімнің тәжірибесі мен кәсібилігіне сүйенуді қамтиды.Осы бағытта 1-4 сынып, 5-9 сынып,10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен бағдарлама бойынша **«Әрбір бала – жарық жұлдыз.Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?» «Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?» «Баланың бас ұстазы – ата-ана. Позитивті тәрбие». «Ақыл айтпа, жол көрсет. Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері». «Жасөспірімнің желідегі әрекеті. Жасөспірімнің бейімделуі». «Көркем мінез – баға жетпес байлық».**<br>**«Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы». «Атадан өсиет, анадан қасиет».** тақырыптарында отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың рөлін айқындауда түрлі кездесулер,ашық ата-аналар жиналысы, семинарлар, дөңгелек үстелдер, өнеге сағаттары өткізілді.<br>2023-2024 оқу жылының қараша айында **, «Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі»** тақырыбында бірыңғай **жалпы ата-аналар жиналысы** өткізіліп, Ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуде «Біртұтас тәрбие Бағдарламасы» және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» «Даналық мектебі» туралы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.<br>31 ақпан күні, ZOOM арқылы онлайн форматта **«Балалар қауіпсіздігі және алаяқтықтан сақтану туралы» мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы** өтті. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 25 қаңтардағы №01-03/282 хатына сәйкес, білім саласы бойынша алаяқтарға қарсы бірқатар шаралар қабылдануда. Алаяқтықтардың басым бөлігі онлайн-несие рәсімдеу, «Olx .kz», «Krisha.kz» сайттары мен онлайн дүкендері арқылы сатып алу жасау, оқуға түсіріп беру немесе біліктілік туралы сертификат алып беру және т.б.тәсілдер арқылы жасалады.Осыған байланысты фактілер біршама екені айтып түсіндірілді.<br>13 мамыр күні,М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де **«Ата-ананың оқу-тәрбие үрдісіндегі мақсаты мен жауапкершілігі»** тақырыбында жалпы мектепішілік ата –аналар жиналысы өткізілді. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығына сәйкес мектеп формасын бекіту, Әйтеке би көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушылары, кәсіптік бағдар беру бойынша мамандықтармен таныстырып, тәрбие жөніндегі орынбасарлар , құқықбұзушылықтың алдын алу туралы жалпы қоғамға ең өзекті қауіптерді айтып өтті.<br>Жиналыс соңында оқу жылының қорытындысы бойынша сабақ жібермеген, оқу үлгерімі жақсы, белсенді, мектеп ережесін сақтаған оқушылардың ата-аналарына алғыс хат табысталды.<br>Марапатқа ие болған 77 (жетпіс жеті) ата-ана.<br>Жиналысқа 149 ата - ана, класс жетекшілер қатысты. |